

Тәртіп күшейсе, КҮМӘН сөйледі

Төтенше жағдай тәртібіне бағынған Қарағанды облысында шектен шыққан оқиғалар әзірге байқала қойған жоқ. Өндірісті өңірде өмір өзені өзінше қалыпта арысымен ағып жатыр деген негіз бар.

Қайрат ӘБІЛДА, «Egemen Qazaqstan»

Өзіндікін алмай осу жоқ

Қарағанды облысындағы аспауыт кәсіпорындар жергілікті қамтудың көрсеткіштері бойынша өткен жылды жамап қорытындыламапты. Мысалы, «АрселорМиттал Теміртау» компаниясында сатып алуға қазақстандық қамту 72%-ды құраса, «Қазакымс» кәсіпорында ол жеке 50%-ға жеткен. Аталған кәсіпорындар жергілікті өндіріспен екі жыл біресе жұмыс істеген уақыт ішінде сатып алулар бойынша отандық тауарлардың үлесін ұлғайтып қана қоймай, жеткізушілер тізімін де кеңейту үстінде екен. Мұны жергілікті қамтуды дамыту бойынша ынтымақтастықтың қорытындылары туралы өнеркәсіпшілер мен жергілікті өндірушілердің қатысуымен өткен онлайн-кездесуде өңір басшысы Жеңіс Қасымбек те куәаттады. Облыстық өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Мұрат Қыдырғанбеков жергілікті өндірушілердің шикізаттық емес тауарлар көлемін арттыруға баса назар аударғанын айтты.

— Жергілікті қамту үлесін арттыру үшін «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-мен бірлесіп меморандумға қол қойдық. Оған Қарағанды облысының 44 тауар өндірушісі енгізілді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша мұндай сатып алу көлемі 34,2 млрд теңге құрады. Бұл 2,9 млрд теңгеге артық немесе 2020 жылмен салыстырғанда 9,3%-ға өсті. «Қазакымс» бойынша бұл сома 96,3 млрд теңгені құрады. Жергілікті тауарлардың үлесі екі акционерлік қоғамда да өсті, — деп мәлімдеді ол.

Облыс әкімі Жеңіс Қасымбек жергілікті компаниялардың ашық сипатта жұмыс істей бастағанын атап өтті.

— Бүгінде өз өзгерісті байқауға болады: қазақстандық және жергілікті қамтудың өсуі жүріп жатыр. Компаниялар ашық бола бастады. Осы арада біз қарағандылық кәсіпорындардың өнімдері суранысқа ие болуына мүдделіміз. Біз «баға — сапаны» тең жағдайда сатып жергілікті тауарларды сатып алуларыңыз керек деп есептейміз. Осындай форматта кездесуді жалғастыра



береміз және толғағы жеткен мәселелерді бірігіп шешеміз, — деді ол.

Бұл ретте компания өкілдері 2022 жылға арналған сатып алу жоспарларын тау арада ұсынатындықтарын айтып, уәде берді. Яғни олар алдағы 1 ақпандан бері «Қазақстандық қамту» интернет-порталында орналастырылады. Облыс әкімі Қарағанды өңірінің тауар өндірушілерін қолдау және жүйе құраушы кәсіпорындарын сатып алуларындағы жергілікті қамтуды ұдайы жөніндегі жұмыстың ұйғай бақылауда болатынын айтты.

Тәртіпсіздерді түзгісіне келтіреді

Өңірде төтенше жағдай режимі және оған байланысты бірқатар шектеулер шараларын бұзушылар азаймай тұр. Бүгінде енгізілген тәртіп пен ережелі бұзған тұлғаларға қатысты 680 әкімшілік хаттама толықтырылды. Сондай-ақ 69 адам әкімшілік қамауға алынып, 26 бұзушыға айыппұл салынған. Ал 525 тұлғаны өскертуден құттықты. Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, өткен таулікте өңірде 34 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген екен. Полиция қызметкерлері олардың 19-ін тін суытпай ашыпты. Атап айтқанда, тыйым салынған 45 зат тәркіленген. Оның ішінде 18 дана теңге ұғылды қару бар. Сондай-ақ есірткі заттарын сақтаудың 9 фактісі анықталған. Шетелдік 6 азамат көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

— Полиция департаменті тұрғындарды төтенше жағдай режимін бұзбауға шақырады және полициялардың жұмысына түсіністікпен қарайтын азаматтарға алғыс білдіреді, — деді Қарағанды облысының қоғамдық қатынастар, жергілікті полиция департаментінің басшысы Ерлан Файзуллин.

«Омикрон» омыраулаамасын десек...

Қарағанды облысында эпидемиологиялық ахуал аяқталмапты. Мәселен, өткен таулікте өңірде коронавирусы инфекциясын жұқтырудың 669 жаңа оқиғасы тіркелді. Осыған сәйкес, облыс кешегі күннен бастап «қызыл аймаққа» ауысты. Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің жұмыс өздері бас болып, жұмыс орнында қайта вакциналау іс-шарасын ұйымдастырды. Бұл істе оларға облыс орталығындағы №1 көпсалалы ауруханадағы мобильді егу тобы көмектесі. Қарағанды облысы бойынша МФКД басшысы Ольга Спиринова мәрдәй қаламға тұрғындарға үні көрсету мақсатында бірінші рет айтты.

— Департамент әкімшілігі өткен жылдың желтоқсан айында ревакциналаудан сәтті өткен болатын. Ал бүгін бүкіл жұмыс басшылығын бастамасын қолдады. Жалпы, қызметкерлеріміз өткен жылғы ағданылардың бірі бөліміне екіп алған еді. Биді вирустың жаңа штаммының қауіпін және өңірдегілердің өсер ету мерзімін өскерте отырып, алғашқылардың бірі болып ревакциналаудан өтті. Барлығымыз өз тәжірибемізді COVID-19-ға қарсы осындай алды алу шарасының тиімділігіне көз жеткіздік. Енді өзімізді қорғап, жақандарымызды аурудың жаңа штамынан қорғаймыз келеді, — деп О.Спиринова.

Қарағанды облыстық санитарлық-бақылау департаментінің мәліметіне сәйкес, шектеу шараларын қатаңдау «сары аймақтан» «қызыл аймаққа» өткен соң, бек күшпен кейін жүргізілінін қабарлады. Яғни «сары аймақтан» «қызыл аймаққа» өту осы мерзім біткеннен кейін жүзеге асырылады.

Қарағанды облысы

Теміржолшылар қан тапсырды

Облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетовтің айтуынша, Президенттің тапсырмасына сәйкес, экономикалық өрі стратегиялық маңызы бар ірі өнеркәсіп орындарына әскери күзет қойылған. Оның қатарында Х.Доспанова атындағы халықаралық әуежай мен темір жол вокзалы, Жылыой ауданында орналасқан «Теңіз» кен орыны мен өте де нысандар бар.

Жолдасбек ҚОШЕРБАЙҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

«Теңішверой» ЖШС игеріп жатқан бұл кен орының әлемде балламы жоқ. Қазір кен орында екі жұбына іске асыру аяқталуға таяды. Оның бірі — келешек кенде, екіншісі — ұшы өрісуіндегі қысымды басқару жұбысы. Бұл жұбына іске қосылғанда «Теңізден» алынатын «қара алтын» көлемі 12 млн тоннаға артып, жылына 39 млн тоннаға жетеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің тапсырмасына сәйкес, Атырау өңіріндегі экономикалық өрі стратегиялық маңызы ірі өнеркәсіп орындарына әскери күзет қойылды. Оның ішінде «Теңіз» кен орыны да бар. Бұл кеніштегі өндіріс орындарын Қазақстанның

Қарулы күштерінің әскерлері мен облыстық полиция департаментінің қызметкерлері «Теңішверой» компаниясының күзет қызметі өкілдерімен бірлесу күзетін тұр. Олардың арасында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымның (ҰҚШҰ) әскерлері жоқ» деп хабарланды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Мұнайлы шаһарға төрт бағытты қарай автокөлік жолына қойылған блок-бекеттерде жүргізушілер мен жолаушылар, көлікте жүк салғышы жеті тексеріліп жатыр. Төтенше жағдай енгізілгеннен бері қоғамдағаны сағат талабы 78 рет бұзылғаны белгілі болды. Мәселен, 9 қантарға қараған күні Атырау қаласында түнгі мезгілде жұмыс істеп тұрған үш азық-түлік дүкенінің жұмысын тоқтатылды.

Облыстық ауруханадан бас дәрігері Ербол Иманғалиевтің мәліметіне сүйенсек, жаппай тәртіпсіздіктен кейін дәрігерлерге түрлі жаракат алған 62 адам жұтінген. Қазір 7 адам ауруханада жатыр. Оның ішінде 5 науқастың жағдайы тұрақты, ал құдық қорғау органында жұмыс істейтін 2 қызметкердің халі орташа ауыр деп бағаланып отыр.

Ал Атырау магистралдық желі бөлімшесінің директоры Елаубай Сапаровтың мәліметіне сүйенсек, жергілікті теміржолшылар қан қорын молайтуды ұйғарды. «Елімізде болған жаппай тәртіпсіздіктен құдық қорғау органдары мен әскерлердің қаза тапқаны маңызына батып отыр. Зардап шеккендер де аз емес. Өңірдегі темір жол салысына жұмыс істейтін 2 мыңға жуық теміржолшы жаракат алғандығын қолдау үшін қан тапсыруға ұйғарым жасады. Алдымен 70-ке жуық теміржолшы жаппай тәртіпсіздіктен зардап шеккендер үшін қан тапсырды, деп мәлім етті ол.

Атырау облысы

Дерт дендемесін десек...

Дауасымыз дерт дендеп тарағалы өңірде 50 мыңнан аса тұрғылы COVID-19 індетін жұқтырды. Жыл басынан бері дерт тағы да өршіп келе жатқандығы байқалады.

Байқал БАЙӨДІЛ, «Egemen Qazaqstan»

Ел ішетіне індет жеткен 2020 жылы 7 247 адам дертке душар болса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 6 есеге өсіп, 42 434-ке дейін жеткен. Ал жыл басынан бері 353 адам індетті жұқтырып үлгеріпті. Індеттің етек алу себептерін өлденеше рет жазадық. Өңірде той-томалақ, аз тыйымалды. Халықтың еті үйреніп кеткен болуы керек, сақтық шаралары да сақталма бермейді.

— Пандемиялық ахуал тұрақты «жасыл аймақтамыз». Үміт артқан вакциналау өз нәтижесін беруде. Жаппай екіп егудің нәтижесінде COVID-19 індетін жұқтырғандар саны 5 есеге азайды. Мәселен, өткен жылдың тамыз айында 8 334 адам дертке шаалдығып, науқастардың 1 425-і стационарларға жатқызылды, желтоқсан айында індетті

жұқтырған 1 622 тұрғынның 200-і ауруханадан ем алды, — дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нарман Сыздықов.

Бүгінгі таңда жаңа сақтау бөлімінде жатқандардың саны кеміді. Бұл ретте індет жұқтырушылардың қатары азырақ бірге ауруханаларда төсектік орындардың да қысқарғанын айта кету керек. Нақты деректерге сүйенсек, өңірдегі ауруханаларда 1 мыңнан астам төсектік орын қысқартылды. Жаңа сақтау бөлімінде де 56 орын азайтылған. Дегенмен індет ұшығып кетсе, қосымша 3 мың төсектік орын дайын. Өткен жылдың ақпан айынан бастап 300 мыңнан астам ақмолалық екіп салдырып, 25 399 адам үшінші мәрте екіп алған. Ал Pfizer вакцинасының екі компоненті де 2 143 адам ағыл үлгерген. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәлі-

метіне қарағанда, өткен жылы жылы күні 6,2 млрд теңге көлеміндегі дәрі-дәрмек жеткізілген. Оның 99,9 пайызы пайдаланылған.

— Елде жарықталған төтенше жағдай кезінде тегін босатылған дәрі-дәрмектерді өңірде жеткізуге ықпалды кедергі болып отырған жоқ. Науқастардың басым бөлігі тегін дәрілермен қамтамасыз етілуде. Қорда да тегін дәрі-дәрмектің көлемі жеткілікті, — деп Н.Сыздықов.

Бұдан басқа, құқық қорғау органдарының мәліметтеріне сүйенсек, өткен жылы дәрі-дәрмектерді жеткізу, тиісті деңгейде бағасын асырмау бағытында тексеріс жұмыстары жүргізілген. Тексеріс барысында облыс орталығында бағаны белгіленген шектен негізсіз өсірген бір дәрхан анықталып, 1 856 815 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды. Фармацевтикалық нарыққа бақылау жұрты жұмысы әлі де жалғаса беруде.

Ақмола облысы

Бағаны тұрақтандыруға диқандар да мүдделі

Түркістандық диқандардың өз есебі бар. Яғни жылдың әр күнін тұрмысын жақсарту тусу мақсатында тиімді пайдалануды мақсат тұтады. Мысалы, Жетісай ауданына қарасты Атамекен, Ерлінен ауылдық округтерінің диқандары жылғы ауа райын сәтті пайдаланып, 5 гектар жерге қырыққабаб қошеттерін отырғызып үлгерген.



Галымжан ЕЛШІБАЙ, «Egemen Qazaqstan»

Былд Жетісай ауданы бойынша 78 500 гектар аумаққа ерте егу жоспарланып отыр. Соның ішінде маң тектараға ерте пісетін қырыққабаб етіпек. Жерді жалға алып отырған шаруашыны Сапар Усенов: «Күн-түн демей қараша айнан бастап жылыжайға ерте пісетін «Нандион» және «Зарисма» қошеттерін өндірді бастағанбыз. Дайын болған қошеттерді 5 гектар аумаққа отырғызыдық. Бұлар осы жерде 300 тонна өнім алады. Ол өнімді қорытсе елдерге жібереміз. Бұлар өнім өзін өзі ақталды», дейді.

Өткен жылы Жетісай ауданында 1 097 гектарға қырыққабаб етіліп, 38 мың тонна өнім жиналған. Ерте пісетін өнімдер өңірде азық-түлік бағасын тұрақтандыруға да септігін тигізуде. Бұл арада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен облыста әлеуметтік

маңызы бар тауарлар бағасы тұрақты бақылауда екенін айта кетелік. Түркістан қаласында 11 қантардағы жағдай бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы индексі 0,4%-ға төмендеді. Облыс әкімінің мәліметіне, жұмыртқа мен сабын бағасы арзандаған. Қалған 15 тауар (нан, картоп, күріш, құбығасы майы, қарақұмық, айран, сүзбе, қырыққабаб, сиріт еті, тұяқ еті, күмшекер, тұз, сары май, піз, макарон) бойынша жағдай тұрақты. Облыстың аудан, қала әкімдіктерінің қолдауымен мерекелік және демалыс күндері қошепел сауда жүргізіліп, халыққа 26,5 млн теңгеге 57 тонна тауар сатылған. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын реттеу тапсырмасына сәйкес «Айналым схемасы» шеңберінде тауар өндірушілерге жалпы 640 мың теңге берілді. Сонымен қоса тұрақтандыру қоры есебінде 255,7 млн теңге орналастырылған. Нәтижесінде, Magnum, Cash&Carry, «Али Сауда», «Гажайып-Т», «Айраш

сүт» ЖШС мен сауда ормандары тауарларды нарықтағы бағадан 10-15%-ға төмен бағаммен сатуда. Бұдан басқа Түркістан қаласына филиалы бар Magnum cash&Carry сауда желісімен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үетемесін 15%-дан 10%-ға дейін төмендету туралы монополияға қарсы комиссия әкісі қабылдады.

Сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларды бағасының негізсіз өсуінің алдын алу мақсатында ірі сауда орындары мен дүкендер және әмбебап базарлардың бұнығы 4 қантардағы жағдай бойынша облыс көлемінде 1 098 меморандум түзілген. Аудан, қалаалардағы мобилдік топтар әлеуметтік маңызы бар тауарлар бойынша нақты жұмыстар жүргізуде. Түркістан қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түрін кезінде 1-1,5 айға жетегін қор жақсартқан. Басқа қала, аудандарда да осы нысанда қор бар.

Түркістан облысы

Ғасырлар қойнауынан шертілген сыр

Мұнайлы өңірдегі елді мекендердің шежіресі тарихи тым әрле жатыр. Кейбірінң іргесі XVIII ғасырда қаланған. Ғасырлар қойнауынан сыр шертер ауылдардың арасында жойылма кеткені де бар. Осындай тарихи деректер «XVIII-XX ғасырлардағы Атырау өңіріндегі елді мекендердің өлкету жанығына топтастырылған.



Жолдасбек ҚОШЕРБАЙҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Жарық көрген кітаптың авторы — облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының директоры Мұхамбетқали Қишев. Жаңа кітапқа 40 елді мекен туралы қызықты деректер енгізіліп отыр.

— Қазір кейбір елді мекендер жойылма кеткен. Сол себептен, сондай ауылдардың

тарихын зерделеу үшін зерттеу жұмысын жүргізді. Ресей Федерациясындағы Оршанбор, Астрахань, сондай-ақ Алматы қаласындағы мұрағаттардан қызықты материалдар таптық. Кейбір кенттерден орналасқан орыны барлық Содан кейін елді мекендердің пайда болу кезеңі мен географиялық орналасуына қарай үш бөлімге бөлдіді. Алғашқы бөлімде Жайық пен Жем өзендерінің бойында салынған елді мекендер

қамтыла, екіншісінде Каспий теңізінің жағалауындағы ауылдар туралы жазылды. Ал үшінші бөлімде XX ғасырдың 20-жылдарына дейін бой көтерген сауда және өндіріс орталықтары туралы жазылған. Бұл кітапты дайындау кезінде өңірдегі елді мекендер жөнінде бұрын жарық көрген карталар, сыйбалар мен фотосуреттерді пайдаландық, — дейді М.Қишев.

Атырау облысы